

«Келісемін»
ДТЖО: А.Н. Джумабаева
«28.08.2024ж.»

Handwritten signature

«әл-Фараби» мектеп-лицейінің коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске
асыру бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған
тәрбие жұмысының жоспары

2024-2025 оқу жылы

«Бекітемін»
Мектеп-лицей директоры:
А.Н Байбурин
«29.08.2024 ж.»



ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ
Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығы

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жандартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады. Ұштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қандатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

Мазмұны ұлттың жана келбетін қалыптастыратын:

тәуелсіздік және отаншылдық
бірлік және ынтымақ
әділдік және жауапкершілік
заң және тәртіп
еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
жасампаздық және жанашырлық құндылықтарға негізделген.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жанартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаны іске асыру құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелеріне негізделеді. Олар оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың өзара үйлесімді бірлігін қамтамасыз етеді.

Бұл білім алушылардың бойындағы құзыреттер жиынтығын құрайды және білім беру ұйымы түлектерінің моделін айқындайды:

ұлттық мүддені ілгерілету;

тиімді қарым-қатынас және басқалармен ынтымақтастық орнату;
қоғамға қызмет ету;

этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау;
инновациялық ойлау;

идеялар мен проблемаларды шешуде стандартты емес тиімді әдістер қолдану

АЙ САЙЫН:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасаппаздық және жанашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

КҮНДЕЛІКТІ:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»

«Өнерелі 15 минут»

«Үнемді тұтыну»

«Күй күмбірі»

Апта сайын:

«Менің Қазақстаным»

Аптаның дәйексөздері

«Қауіпсіздік сабағы»

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
Буллингтен қорған!

Ойынға салауатты көзқарас;
Өмірге салауатты қадам;
Қоғамдық мүлікті қорға!
Қауіпсіз қоғам.

ЖОБАЛАР

«Балалар кітапханасы»

«Қамқор»

«Еңбегі адал – жас өрен»

«Шабыт»

«Ұшқыр ой аланы»

«Smart bala»